

## Солтүстік Қазақстан облысында әлеуметтік маңызы бар азық-тұлік тауарларына бағаларды тұрақтандыру тетіктерін іске асырудың қағидаларын бекіту туралы

Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2019 жылғы 26 қыркүйектегі № 246 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 26 қыркүйекте № 5587 болып тіркелді.

"АгроОнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі Заңының сәйкес Солтүстік Қазақстан облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес әлеуметтік маңызы бар азық-тұлік тауарларына бағаларды тұрақтандыру тетіктерін іске асыру қағидалары бекітілсін.

2. "Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің кәсіпкерлік және туризм басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі мыналарды Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіpte қамтамасыз етсін:

1) осы қаулыны "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулыны ресми жариялағаннан кейін Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруды.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Солтүстік Қазақстан облысы әкімінің жетекшілік ететін мәселелер жөніндегі орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

облыс әкімі

К. Аксакалов

Солтүстік Қазақстан  
облысы әкімдігінің  
2019 жылғы "26" қыркүйектегі  
№ 246 қаулысымен  
бекітілді

## Солтүстік Қазақстан облысында әлеуметтік маңызы бар азық-тұлік тауарларына бағаларды тұрақтандыру тетіктерін іске асырудың қағидалары

Ескерту. Қағидалар жаңа редакцияда - Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 24.07.2020 № 198 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) ; 24.02.2023 № 25 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

## **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы Солтүстік Қазақстан облысында әлеуметтік маңызы бар азық-тұлік тауарларына бағаларды тұрақтандыру тетіктерін іске асырудың қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "АгроОнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 6-бабы 1-тармағының 39) тармақшасына, "Әлеуметтік маңызы бар азық-тұлік тауарларына бағаларды тұрақтандыру тетіктерін іске асырудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2019 жылғы 29 шілдедегі № 280 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 19123 болып тіркелді) сәйкес әзірленді және әлеуметтік маңызы бар азық-тұлік тауарларына бағаларды тұрақтандыру тетіктерін іске асырудың тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) азық-тұлік тауарларының өнірлік тұрақтандыру қоры – облыс аумағында аграрлық азық-тұлік нарығына реттеушілік әсер ету және азық-тұлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін құрылған азық-тұлік тауарларының жедел қоры;

2) азық-тұлік тауарларының өнірлік тұрақтандыру қорын жаңарту – азық-тұлік тауарларының сақталу мерзімі аяқталғанға дейін оларды өткізу немесе жаңа сақталу мерзімімен немесе келесі жылдың жаңа егінінен дәл сондай көлемдегі азық-тұлік тауарларын кейін жеткізе отырып, азық-тұлік тауарларының сақталу мерзімі аяқталғанға дейін оларды қайтару;

3) азық-тұлік тауарларының өнірлік тұрақтандыру қорын пайдалану – тауар интервенцияларын жүргізу және азық-тұлік тауарларының өнірлік тұрақтандыру қорын жаңарту мақсатында азық-тұлік тауарларының өнірлік тұрақтандыру қорынан азық-тұлік тауарларын өткізу;

4) азық-тұлік тауарларының өнірлік тұрақтандыру қорын қалыптастыру – сатып алу интервенциялары, азық-тұлік тауарларының өнірлік тұрақтандыру қорына азық-тұлік тауарларын орналастыру және сақтау;

5) әлеуметтік маңызы бар азық-тұлік тауарлары – тізбесі "Әлеуметтік маңызы бар азық-тұлік тауарларының тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Сауда және интеграция министрінің 2023 жылғы 11 мамырдағы № 166-НҚ (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32474 болып тіркелді) бұйрығымен бекітілетін, олардың есебінен адамның физиологиялық қажеттіліктері қанағаттандырылатын азық-тұлік тауарлары;

5-1) ауыл шаруашылығы тауарын өндіруші (бұдан әрі – ауылшартауарынөндіруші) – ауыл шаруашылығы өнімін өндірумен айналысатын жеке немесе заңды тұлға;

**6) алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

**7) алып тасталды - Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 15.05.2024 № 122 (оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен;**

**8) сатып алу интервенциялары – облыс аумағында бағалар төмендеген кезде, Қазақстан Республикасының аумағында төтенше жағдай енгізілген кезде, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Президентінің, Қазақстан Республикасы Үкіметінің немесе Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің тапсырмалары шенберінде мамандандырылған ұйымдардың әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларын сатып алуы жөніндегі іс-шаралар;**

**9) алып тасталды - Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 21.12.2023 № 268 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

**10) тауар интервенциялары – бағалар өскен кезде ішкі нарықты тұрақтандыру мақсатында жүзеге асырылатын, азық-түлік тауарларының өнірлік тұрақтандыру қорларынан ішкі нарықта азық-түлік тауарларын өткізу жөніндегі іс-шаралар;**

**10-1) тіркелген баға - өндіруге/сатып алуға, сактауға, табиғи кемуге (кебуге), межелі орынға дейін жеткізуге кеткен шығындарды, сондай-ақ өнімнің өзіндік құнынан маржалық табысты ескере отырып, әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарының бағасы;**

**10-2) форвард – сатып алушы (немесе сатушы) болашақта келісілген шарттармен базалық активті сатып алудың (немесе сатудың) белгілі бір мерзімі өткеннен кейін өзіне міндеттеме алатын туынды қаржы құралы;**

**11) шекті сауда үстемесі – ішкі сауда субъектілерінің түпкілікті тұтынушыларға азық-түлік тауарларын өткізуі кезінде бағаны айқындау үшін қалыптастырылатын сауда үстемесі.**

**Ескерту. 2-тармаққа өзгерістер енгізілді - Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 21.12.2023 № 268 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); 15.05.2024 № 122 (оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.**

**3. Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаларды тұрақтандыру тетіктері осы Қағидаларға сәйкес іске асырылады.**

**4. Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаларды тұрақтандыру тетіктерінің тиімді және уақытылы қолданылуын қамтамасыз ету мақсатында облыс әкімі Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаларды тұрақтандыру тетіктерін іске асыруды қамтамасыз ету жөніндегі комиссияны (бұдан әрі – Комиссия) құрады және оның құрамын бекітеді.**

**5. Солтүстік Қазақстан облысы әкімінің орынбасары Комиссия төрағасы, кәсіпкерлік, ауыл шаруашылығы басқармаларының қызметкерлері, сондай-ақ жеке кәсіпкерлік субъектілері бірлестіктерінің және қоғамдық ұйымдардың өкілдері Комиссия мүшелері болып табылады. Комиссия өз қызметін тұрақты негізде жүзеге асырады.**

6. Комиссияның сандық құрамы тақ болуы және кемінде тоғыз адамнан тұруы тиіс. Бұл ретте Комиссия мүшелерінің үштен екісі жеке кәсіпкерлік субъектілері бірлестіктерінің және қоғамдық ұйымдардың өкілдері болуы тиіс. Комиссия хатшысы оның мүшесі болып табылмайды.

7. Кворум Комиссияның қатысып отырған мүшелерінің санымен немесе қатысуышылардың санының жалпы санға пайыздық қатысымен анықталуы мүмкін. Қандай да бір шешім қабылдау үшін дауыс беруге дауыс құқығы бар барлық қатысуышылардың жартысынан астамы қатысуы талап етіледі.

8. Комиссияның құзыретіне мыналар жатады:

1) Солтүстік Қазақстан облысында әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаларды тұрақтандыру тетіктерін іске асыру туралы шешім қабылдау;

2) азық-түлік тауарларының тұрақтандыру қорларын құру және пайдалану тетігін іске асыру мақсатында бөлшек сауда субъектілері үшін азық-түлік тауарларының тұрақтандыру қорына сатып алынатын азық-түлік тауарларының тізбесін және олар бойынша шекті сауда үстемесін анықтау;

3) әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаларды тұрақтандыру тетіктерін іске асыру қагидаларына сәйкес қарыз беруге кәсіпкерлік субъектісін анықтау;

4) әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына шекті сауда үстемесін анықтау бойынша мамандандырылған ұйымның ұсыныстарын қарау.

9. Комиссия құруды және оның жұмысын ұйымдастыруды "Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің кәсіпкерлік және индустримальық-инновациялық даму басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Кәсіпкерлік және индустримальық-инновациялық даму басқармасы) қамтамасыз етеді.

10. Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаларды тұрақтандыру тетіктерін іске асыру үшін Кәсіпкерлік және индустримальық-инновациялық даму басқармасы әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаларды тұрақтандыру тетіктерін іске асыратын мамандандырылған ұйымдардан әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына шекті бағаларды белгілеу жөніндегі шараларды қоспағанда, әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаларды тұрақтандыру тетіктерін іске асыру туралы шарт жасау жолымен көрсетілетін қызметтерді сатып алуды жүзеге асырады.

11. Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаларды тұрақтандыру тетіктерін іске асыру туралы шарттың қолданылу мерзімі аяқталғанға дейінгі үш жылдық кезеңге Кәсіпкерлік және индустримальық-инновациялық даму басқармасы мамандандырылған ұйыммен тұрақтандыру қорының заттай және ақшалай мәндегі өтпелі активтері туралы міндеттемелері көрсетілген қосымша келісім жасайды.

Тұрақтандыру қоры таратылған жағдайда, мамандандырылған үйым азық-түлік тауарларын сатып алу үшін пайдаланылған бюджет қаражатының жергілікті бюджетке қайтарылуын қамтамасыз етеді.

Егер мамандандырылған үйымның шешімі бойынша азық-түлік тауарларын өткізу сатып алу бағасынан төмен баға бойынша жүзеге асырылса, онда соманың қайтарылуы сатып алу және өткізу бағаларының айырмасын шегере отырып жүзеге асырылады.

12. Мамандандырылған үйымның тұрақтандыру қорын пайдалану кезінде туындаған үстеме, коммуналдық және басқа да шығыстары жыл сайын азық-түлік тауарларының белгіленген және нарықтық бағалары арасындағы айырма есебінен жабылады.

13. Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына шекті бағаларды белгілеу жөніндегі шараларды қоспағанда, әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаларды тұрақтандыру тетіктерін іске асыратын мамандандырылған үйымдардың (бұдан әрі – мамандандырылған үйым) тізбесін "АгроОнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасы Занының 6-бабы 1-тармағының 4-1) тармақшасына сәйкес агроОнеркәсіптік кешенді дамыту саласындағы уәкілетті орган бекітеді".

**Ескерту. 13-тармақ жаңа редакцияда - Солтүстік Қазақстан облысы өкімдігінің 15.05.2024 № 122 (оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

14. Кәсіпкерлік және индустримальық-инновациялық даму басқармасы Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығы, сауда және интеграция министрліктеріне мыналарды ұсынады:

1) ай сайын есепті айдан кейінгі айдың 20-сы күніне дейін әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаларды тұрақтандыру тетіктерінің іске асырылу барысы туралы ақпаратты;

2) көкөніс өнімдерінің форвардтық шарттары шеңберінде ауылшартауарынөндірушілерді қаржыландыруға бір ай қалғанда алдын ала төлем сомасын, өткізу нүктелерін және (немесе) сауда объектілерін көрсете отырып, жеткізу графигін көрсете отырып, сатып алынатын көкөніс өнімдерінің көлемі туралы ақпаратты;

3) форвардтық шарттар шеңберінде ауылшартауарынөндірушілерді түпкілікті қаржыландырғаннан кейін 10 (он) жұмыс күні ішінде өткізу нүктелерін және (немесе) сауда объектілерін көрсете отырып, сатып алынған көкөніс өнімдерінің көлемі, жеткізу графиктері туралы ақпаратты береді.

**2-тарау. Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаларды тұрақтандыру бойынша тетіктерді іске асыру тәртібі**

15. Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының нарығын тұрақтандыру мақсатында Кәсіпкерлік және индустриялық-инновациялық даму басқармасы әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаларды тұрақтандырудың:

- 1) тұрақтандыру қорларының қызметін;
- 2) кәсіпкерлік субъектілеріне қарыз беру тетіктерін іске асырады.

16. Кәсіпкерлік және индустриялық-инновациялық даму басқармасы бөлетін, оның ішінде бұдан бұрын азық-түлік тауарларының өнірлік тұрақтандыру қорларын қалыптастыруға бөлінген ақшалай қаражат әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарлары бағаларын тұрақтандыру тетіктерін іске асыруды қаржыландыру көзі болып табылады.

**17. Алып тасталды - Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 21.12.2023 № 268 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

17-1. Азық-түлік тауарларының өнірлік тұрақтандыру қорларын қалыптастыру шенберінде көкөніс өнімдерін өндіру үшін ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді, сондай-ақ қарақұмық жармасын (дәні), тазартылған (домалақ дәнді) күрішті, күнбағыс майын, бірінші сортты бидай ұнын және ақ қантты – құмшекерді өндіру үшін қайта өндеуші кәсіпорындарды қаржыландыру тіркелген бағаны белгілей отырып, форвардты қолданумен жүзеге асырылады.

Көкөніс өнімдерін өндіру үшін ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді және қарақұмық жармасын (дәні), тазартылған (домалақ дәнді) күрішті, күнбағыс майын, бірінші сортты бидай ұнын және ақ қантты – құмшекерді өндіру үшін өндеуші кәсіпорындарын қаржыландыру форвардтық шарттың жалпы сомасының 70 (жетпіс) пайызынан аспайтын мөлшерде алдын ала төлем және өнім жеткізілгеннен кейін түпкілікті есеп айырысу шарттарында жүзеге асырылады.

**Ескерту. Қағидалар 17-1-тармақпен толықтырылды - Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 21.12.2023 № 268 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

18. Форвардтық шарттар шенберінде сатып алынатын көкөніс өнімінің көлемі Комиссия шешіміне сәйкес өнірлік сұраныс негізінде облыс (қалалық немесе жалпы), республикалық маңызы бар қала, астана халқының үш айлық қажеттілігінің 50 пайызына дейін қалыптастырылады.

19. Мамандандырылған ұйым ауылшартауарын өндірушілерді форвардтық шарттар шенберінде:

2023 жылғы 10 қаңтарға дейін 2023 жылды ерте шығатын көкөніс өнімдерін өндіру және 2023 жылдың көктемгі-жазғы кезеңінде халықты көкөніс өнімдерімен қамтамасыз ету үшін;

2023 жылғы 1 ақпанға дейін 2023 жылғы күзгі түсімнің көкөніс өнімдерін өндіру және 2024 жылдың қысқы-көктемгі кезеңінде халықты көкөніс өнімдерімен қамтамасыз ету үшін;

2023 жылғы 1 тамызға дейін 2024 жылы ерте шығатын көкөніс өнімдерін өндіру және 2024 жылдың көктемгі-жазғы кезеңінде халықты көкөніс өнімдерімен қамтамасыз ету үшін;

2023 жылғы 1 қыркүйекке дейін 2024 жылғы күзгі түсімнің көкөніс өнімдерін өндіру және 2025 жылдың қысқы-көктемгі кезеңінде халықты көкөніс өнімдерімен қамтамасыз ету үшін қаржыландауды жүзеге асырады.

2024 жылдан бастап және одан кейінгі жылдары ауылшартауарынөндірушілердің көкөніс өнімдерін өндіру үшін қаржыландауды мынадай мерзімдерде жүзеге асырылады:

ағымдағы қаржы жылышынан 1 тамызына дейін келесі жылдың қысқы-көктемгі кезеңінде халықты көкөніс өнімдерімен қамтамасыз ету үшін;

ағымдағы қаржы жылышынан 1 қыркүйегіне дейін келесі жылдың көктемгі-жазғы кезеңінде халықты өніммен қамтамасыз ету үшін.

20. Мамандандырылған ұйым көкөніс өнімдерін сатуды бастағанға дейін ауылшартауарынөндірушілерде немесе басқа қоймаларда сақтауды жүзеге асырады. Сақтау шығындарын есептеу жергілікті атқарушы органдардың өнірдегі сақтаудың ұқсас түрлеріндегі сақтаудың орташа құны туралы деректері негізінде жүргізіледі.

21. Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаны тұрақтандыру тетіктерін іске асыру шенберінде көкөніс өнімдерін жеткізу мамандандырылған ұйым облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдарымен бірлесіп маусымаралық кезеңде (қысқы-көктемгі кезең: ақпан, наурыз, сәуір; көктемгі-жазғы кезең: мамыр, маусым, шілде) қалыптастыратын график негізінде не ішкі нарыққа реттеушілік әсер ету қажет болған жағдайда басқа кезеңдерде жүзеге асырылады.

22. Мамандандырылған ұйымдар облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдарымен бірлесіп форвардтық шарт жасалған сәттен бастап көкөніс өнімдерін өндіру циклінің барлық кезеңдерінде егістікке бара отырып, ауылшартауарынөндірушілердің қызметіне мониторингті жүзеге асырады.

23. Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаны тұрақтандыру тетіктері шенберінде сатып алынатын әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарлары "Тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 18 және 19-баптарына сәйкес сақтау, тасымалдау және өткізу кезінде тамақ өнімдерінің қауіпсіздігіне қойылатын талаптарға сәйкес келуі тиіс.

24. Үлгілік қағидаларда регламенттелмеген әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаларды тұрақтандыру тетіктерін іске асырудың ерекшеліктері (егжей-тегжей) Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаларды тұрақтандыру тетіктерін іске асыру қағидаларымен айқындалады.

### **3-тарау. Азық-түлік тауарларының өнірлік тұрақтандыру қорлары қызметінің тәртібі**

25. Азық-түлік тауарларының тұрақтандыру қорларының қызметі өнірлік тұрақтандыру қорларын қалыптастыру және пайдалану жолымен жүзеге асырылады.

26. Мамандандырылған ұйым берген ақпарат бойынша азық-түлік тауарларының тұрақтандыру қорын қалыптастыру мен пайдалану жөніндегі тетікті іске асыру мақсатында Комиссия сұраныс пен ұсыныстың өнірлік балансының (өндіріс көлемі, азық-түлік тауарларымен қамтамасыз етілуі, олардың тауарларының жылжытылуы, запастардың болуы), егіс аландары (жоспарлы), егіннің болжамды шығымы, өткен күнтізбелік жыл ішінде қалыптасқан бағалар туралы мәліметтердің, сондай-ақ өзге де мәліметтер негізінде азық-түлік тауарларының өнірлік тұрақтандыру қорына сатып алынатын азық-түлік тауарларының тізбесін, сондай-ақ шекті сауда үстемесін айқындауды.

26-1. Азық-түлік тауарларының өнірлік тұрақтандыру қорларын қалыптастыру кезінде бюджеттік қаражаттың 70 (жетпіс) пайызы форвардтық шарттар шенберінде ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер мен қайта өндеу кәсіпорындарына бағытталады.

**Ескерту. Қағидалар 26-1-тармақпен толықтырылды - Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 21.12.2023 № 268 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

27. Азық-түлік тауарларының өнірлік тұрақтандыру қорына сатып алуға қажетті әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының тізбесі "Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Сауда және интеграция министрінің 2023 жылғы 11 мамырдағы № 166-НҚ бұйрығымен бекітілген әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының тізбесінен қалыптастырылады;

**Ескерту. 27-тармақ жаңа редакцияда - Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 21.12.2023 № 268 (алғашқы ресми жариялаған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

28. Мамандандырылған ұйым өткізетін әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына шекті сауда үстемесі "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 19-бабы 1-тармағына сәйкес Статистикалық жұмыстар жоспарына сай Солтүстік Қазақстан облысының мемлекеттік статистика органдары қалыптастыратын әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бөлшек сауда бағаларының ресми нарықтық мәндерінен 10 немесе одан да көп пайызға төмен бағаларды ұстап тұру ескеріле отырып қалыптастырылады.

29. Комиссия Солтүстік Қазақстан облысының әкіміне сатып алынатын азық-түлік тауарларының тізбесін және олар бойынша шекті сауда үстемесін бекіту туралы ұсыныстар енгізеді.

30. Ұсыныстар хаттама түрінде жасалады және отырыс өткізілген күні комиссия мүшелері қол қояды.

31. Солтүстік Қазақстан облысының әкімдігі Комиссияның ұсынысы негізінде сатып алынатын азық-түлік тауарларының тізбесін және шекті сауда үстемесін бекітеді.

32. Өнірлік тұрақтандыру қорын қалыптастыру кезінде әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларын сатып алу тікелей өндірушілерден, оның ішінде форвардтық шарттар мен офтейк-келісімшарттар жасау арқылы жүзеге асырылады. Егер өндіруші өнімді өткізуді тікелей жүзеге асырмаса, әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларын сатып алу азық-түлік тауарларын өткізуге маманданған көтерме сауда жеткізушилерінен (дистрибутерлерден) жүзеге асырылады.

**33. Алып тасталды - Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 21.12.2023 № 268 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

34. Мамандандырылған ұйым статистикалық деректер және басқа да көздер негізінде өнірдің азық-түлік тауарларының ішкі нарығына және агроенеркәсіптік кешен өнімдерінің нарықтарына тұрақты негізде талдау (өндіріс көлемі және азық-түлік тауарларымен қамтамасыз етілуі, олардың тауарларының жылжытылуы, запастардың, бағалардың болуы) жүргізеді, өнірлік тұрақтандыру қорына сатып алынатын азық-түлік тауарларының көлемін айқындайды және сатып алу интервенциялары туралы шешімді қабылдайды.

35. Мамандандырылған ұйымның сатып алу интервенциялары туралы шешімі әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарлары бағаларын тұрақтандыру тетіктерін тиімді және уақытылы қолдануды қамтамасыз ету мақсатында қабылданады.

36. Өнірлік тұрақтандыру қорын пайдалануды тауар интервенцияларын жүргізу және азық-түлік тауарларын жаңарту жолымен мамандандырылған ұйым жүзеге асырады.

37. Мамандандырылған ұйым аграрлық азық-түлік нарығына реттеушілік ықпал ету қажет баға деңгейінің көтерілуі жағдайында, 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірмей, тауар интервенцияларын жүргізу туралы шешім қабылдайды.

38. Мамандандырылған ұйым өнірлік тұрақтандыру қорын уақытылы жаңарту мақсатында тұрақты негізде өнірлік тұрақтандыру қорының азық-түлік тауарларының сақталу мерзімдерін қамтамасыз етеді.

39. Өнірлік тұрақтандыру қорын жаңарту азық-түлік тауарларының сақталу мерзімі аяқталғанға дейін өнірлік тұрақтандыру қорынан азық-түлік тауарларын өткізу немесе кейін дәл сондай көлемдегі жаңа сақталу мерзімімен немесе келесі жылғы жаңа шығымнан азық-түлік тауарларын жеткізе отырып, азық-түлік тауарларының сақталу мерзімі аяқталғанға дейін азық-түлік тауарларын қайтару жолымен жүзеге асырылады.

40. Өнірлік тұрақтандыру қорының азық-түлік тауарларын тауар интервенциялары, азық-түлік тауарларын жаңарту үшін мамандандырылған ұйымдар өздердерінің өткізу нүктелері және (немесе) азық-түлік тауарларын өткіzetін сауда объектілері арқылы,

сондай-ақ өндеу кәсіпорындары шекті сауда үстемесі шегінде әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларын өндіру үшін өткізуді жүзеге асырады.

41. Бұл ретте өндеу кәсіпорны өндірген дайын азық-түлік тауарының бағасы Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің қаулысымен бекітілген шекті рұқсат етілген бөлшек сауда бағасынан аспайды және мамандандырылған ұйымның өндеу кәсіпорнымен жасаған өткізу туралы шартында айтылады.

42. Кәсіпкерлік және индустримальық-инновациялық даму басқармасы мамандандырылған ұйыммен бірлесіп тауар интервенцияларын жүзеге асыратын сауда объектілерінің орналасқан жері туралы ақпаратты бұқаралық ақпарат құралдары, Кәсіпкерлік және индустримальық-инновациялық даму басқармасының және мамандандырылған ұйымның ресми сайттары арқылы, сондай-ақ кәсіпкерлік субъектілеріне қарыз беру тәртібі туралы ақпаратты халықтың назарына жеткізу бойынша ақпараттық жұмыс жүргізеді.

#### **4-тaraу. Кәсіпкерлік субъектілеріне қарыз беру тәртібі**

43. Кәсіпкерлік және индустримальық-инновациялық даму басқармасы әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бағасын тұрақтандыру мақсатында мамандандырылған ұйымдар арқылы кәсіпкерлік субъектілеріне сұраныс пен ұсыныстың өнірлік балансының (өндіріс көлемі, азық-түлік тауарларымен қамтамасыз етілуі, олардың тауарларының жылжытылуы, запастардың болуы) егіс аландары (жоспарлы), егіннің болжамды шығымы, өткен күнтізбелік жыл ішінде қалыптасқан бағалар туралы мәліметтердің, сондай-ақ өзге де мәліметтер негізінде Комиссия айқындастын азық-түлік тауарларының тізбесіне сәйкес қарыз береді. Қарыз беру қарыз шартын жасасу жолымен қайтарымдылық, қамтамасыз ету және ақыллық талаптарының шарттарымен жүзеге асырылады.

**Ескерту. 43-тармақ жаңа редакцияда - Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 21.12.2023 № 268 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

43-1. Кәсіпкерлік субъектілеріне қарыз беру кезінде бюджеттік қаражаттың 70 (жетпіс) пайызы ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер мен қайта өндеу кәсіпорындарына бағытталады.

Осы тармақтың бірінші бөлігіндегі талаптарды орындау үшін ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер мен қайта өндеу кәсіпорындарынан өтінімдер болмаған кезде, қарыз азық-түлік тауарларын өткізуді жүзеге асыратын кәсіпкерлік субъектілеріне беріледі.

**Ескерту. Қағидалар 43-1-тармақпен толықтырылды - Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 21.12.2023 № 268 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

44. Бағаларды тұрақтандыру мамандандырылған үйымның әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бекітілген төмендетілген бөлшек/көтерме сауда бағаларын белгілеуі жолымен қамтамасыз етіледі.

45. Қарыз беру үшін кәсіпкерлік субъектілерін Комиссия осы Қағидаларда белгіленген кәсіпкерлік субъектілеріне қойылатын талаптарға (өлшемшарттарға) сәйкес айқындайды.

46. Комиссия кәсіпкерлік субъектісін айқындағаннан кейін мамандандырылған үйым кәсіпкерлік субъектісіне қарыз береді.

47. Қарыз алушы ретінде келесі шарттардың біреуіне сәйкес келетін кәсіпкерлік субъектілері болады:

тізбесі "Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Сауда және интеграция министрінің 2023 жылғы 11 мамырдағы № 166-НҚ бұйрығымен бекітілген әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының толық жиынтығының бөлшек саудасын жүзеге асыратын".".

облыс аумағында әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларын өндіруді жүзеге асыратын, бұл ретте осы кәсіпкерлік субъектілері мамандандырылған үйым айқындаған сауда нұктелерінде өткізу жүзеге асырылатын өнімді өндіру және жеткізу үшін ғана қарыз ала алады;

арнайы жабдығы, материалдық-техникалық базасы бар, тиісті әкімшілік-аумақтық бірлікте азық-түлік тауарларын тиісінше сақтауға және азық-түлік тауарларымен сатып алу және өзге де операцияларды орындауға арналған және әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаларды тежеуге бағытталған шаралар кешенін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін сауда-логистикалық инфрақұрылымы бар және/немесе қойма құрылыштары немесе басқа да үй-жайлары бар адамдар. Жоғарыда көрсетілген кәсіпкерлік субъектілері мамандандырылған үйымның Кепілдік саясатына сәйкес мамандандырылған үйимнан алдын ала мақұлдаудан өтуі қажет.

**Ескерту. 47-тармаққа өзгеріс енгізілді - Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 21.12.2023 № 268 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

48. Кәсіпкерлік субъекті мамандандырылған үйымның қарызды қайтару бойынша міндеттемелерінің орындалуын қамтамасыз етеді. Міндеттемелердің орындалуы кепіл және/немесе банктік кепілдік және/немесе сақтандыру шарты және/немесе үшінші тұлғалардың кепілдігі/кепілгерлігі және/немесе корпоративтік кепілдік түрінде қамтамасыз етіледі. Міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жазбаша нысанда ресімделеді.

49. Комиссияның қарыз беру туралы ұсынысы хаттама түрінде жасалады және Комиссия мүшелері отырыс өткізілген күні қол қояды.

50. Комиссия хаттамасында әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының тізбесі, бөлшек сауда субъектілері үшін – олар бойынша бекітілген бөлшек сауда бағалары, өндірушілер үшін – босату бағалары, қарыз сомасы және кәсіпкерлік субъектісі көрсетіледі.

51. Шешім қабылданғаннан кейін мамандандырылған ұйым кәсіпкерлік субъектісіне қарыз береді.

52. Қарыз беру шарттары мамандандырылған ұйымның Кепілдік саясатына сәйкес мамандандырылған ұйым мен кәсіпкерлік субъектісі арасында жасалған қарыз шартында белгіленеді.

53. Қарыз мерзімі өткен берешекті қайта қаржыландыруға берілмейді.

54. Қарыз тек ұлттық валютада беріледі.